

АЛҒЫ СӨЗ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы ұйымдастырып келе жатқан «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы оқырмандар арасында өз орнын тауып келеді. Аталмыш жоба қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған. Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, жалпыхалықтық оқуға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» рухани-мәдени акциясы ұсынылып отыр. Акция аясында ел болып оқитын кітаптар үлкенді сыйлау, сөз тыңдау, ата дәстүрін құрметтеу сияқты дәстүрлерге мән беруге, рух, жан тазалығын, шынайы қасиеттерді сүйіп, толғанулармен оқырман жүрегінде орын табады деген сенімдеміз. Назарларыңызға көмекші құрал ретінде ұсынылған 30 кітап туралы мәліметті ұсынамыз. Бұл әдістемелік құрал кітапханашыларға, оқытушыларға т.б. оқырмандарға арналады.



«30 жылдыққа- отыз кітап»



Әір ел - бір кітап

Одна страна - одна книга



Protected with free version of Watermark Remover. Full version doesn't put this mark.

Поэзия

Проза

Драматургия

**Балалар
әдебиеті**

Аударма

Поэзия

1. Мұқағали Мақатаев «Өмірдастан».
2. Жұмекен Нәжімеденов «Менің Қазақстаным».
3. Ұлықбек Есдәулет «Киіз кітап».
4. Серік Ақсұңқарұлы «Көкейімде Күлтегіннің жазуы».
5. Тоқтарәлі Таңжарық «Түн парактары».
6. Бақытжан Қанапиянов «Достояние души».

Проза

1. Тынымбай Нұрмағамбетов «Періштелердің өлімі».
2. Тобық Жармағамбетов «Отамалы».
3. Сәуле Досжан «Қасірет пен тағдыр».
4. Юрий Серебрянский «Дәмді де пайдалы қазақстандық әдебиет».
5. Дәурен Қуат «Бөрісоқпақ».
6. Тұрысбек Сәукетай «Желқайық».

Драматургия

1. Рахымжан Отарбаев «Айна ғұмыр» пьесалар жинағы.
2. Дулат Исабеков «Жеті желкен» пьесалар жинағы.
3. Мәдина Омарова «Көмбе нанның дәмі».
4. Иран-Ғайып «Қорқыттың көрі» пьесалар жинағы.
5. Думан Рамазан «Пешене» пьесалар жинағы.
6. Сая Қасымбек «Жанталас».

Балалар әдебиеті


1. Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар».
2. Бердібек Соқпақбаев «Жекпе-жек».
3. Марат Қабанбаев «Жиһангез Тити».

4. Толымбек Әбдірайым «Алабұға аулаған күн».
5. Зира Наурызбаева, Лиля Калаус «Алтын тостағанды іздеу».
6. Мәди Айымбетов «Бар болғаны он төрт жас».

Аударма

1. Юсупов Кеңес, Габриель Гарсиа Маркес «Жүз жылдық жалғыздық».
2. Әдетов Бекболат, Эрих Мария Ремарк «Аманат өмір».
3. Ахметов Әділ, Агата Кристи «Ғайып болған миллион».
4. Меллат Төлеген, Халид Хусейн «Жарқыраған мың күн».
5. Мәзен Динара, Ж.К. Роулинг «Хэрри Поттер мен жасырын бөлме».
6. Құрметұлы Амангелді, Орхан Памук «Менің атым – Қырмызы».


Поэзия



«Мұқағали Мақатаев соңғы жылдарда өз үні, өз әуенімен қазақ поэзиясына кеп қосылған белгілі лирик ақындарымыздың бірі. Оның өлеңдері мен поэмалары тереңнен сыр тартар нәзіктігімен оқырман қауымның ілтифатына ие болды.

«Өмірдастан» атты бұл кітапқа ақынның өлеңдері мен поэмаларының ең тәуірлері іріктеліп алынды.»


Ұлы Мұқағалдың көзі тірісінде жарық көрген соңғы кітабы осындай алғысөзбен жарық көрген екен. «Өшеді өлең, немесе көшеді өлең» деп ақынның өзі болжағандай, Мұқағали жырлары уақыт көші алға жылжыған сайын қанатын кеңге жайып, биіктеп барады.



Бұл кітапқа Жүмеке Нәжімеденовтың көптеген өлеңдері, дастандары, бұрын соңды жарияланбаған өлеңдері енген




Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Серік Ақсұңқардың «Көкейімде Күлтегіннің жазуы» атты жыр кітабы бөлімнен тұрады. Бұл кітап көпшілік оқырманға арналған.



Қазақтың белгілі ақыны, халықаралық "Алаш" сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдәулеттің бұл жаңа кітабына 1988-2000 жылдары жазылған ел мен жер, заман мен қоғам, табиғат пен махаббат туралы лирикалық, әлеуметтік-философиялық жыр-толғамдары енгізілді. Ақын тың ізденістерге барып, өлең өнерінің соны қырларын аша түскен. Кітапта оқырманның ойы мен сезіміне қозғау салар әсерлі, өзекті өлендер жеткілікті.



Қазақ поэзиясында үлкенге де, кішіге де таныс есім- Тоқтарәлі Таңжарықтың «Түн парақтары» атты шағын жыр жинағы.




Ақын Бақытжан Қанапияновтың (Жан Бақыттың) «Достояние души» («Жан-дүние игілігі») жинағы ғасырлар салған жол, таулы аймақ, тұрмыстағы түркілік әуен араларындағы өзара байланыс пен түсіністікті арқау еткен жырларын біріктірген.

Бақытжан Қанапияновтың «Кері перспектива» жыр жинағы француз тілінде шыққан, аудармашы әріптестері сол кітапта оның аты-жөнін өз тілдеріндегі үндестікке сәйкестендіріп, Жан Бақыт (Jan Bakhyt) деп көрсеткен көрінеді. Француз ақындары қойған әдеби есім авторға ұнайды, сөйтіп, аудармашы достарына құрметі ретінде, ол да «Жан-дүние игілігі» атты жаңа жинағына Жан Бақыт деп қол қояды.

Проза



«Періштелердің өлімі» романы көрнекті жазушы Тынымбай Нұрмағанбетовтың жаңа туындысы. Қаламгер бұл шығармасында бүгінгі заманның ащы шындығын шұрайлы тілмен суреттей отырып, сан алуан тағдырлы адамдардың көркем бейнесін сомдайды. Ауыл өмірін жақсы білетін сөз зергерінің жаңа романы бірін бірі толықтырып, дамытып отыратын оқиғалар желісі арқылы да оқырманын бірден баурап алады. Шығарма әлеуметтік терең астарымен де, кейіпкерлерінің жан-дүниесін аса шеберлікпен аша білуімен де ерекшеленеді. Жазушының бұл толымды еңбегі қазақ әдебиетінің шоқтығын биіктететін бітімі бөлек роман.



Тобық Жармағамбетов шығармаларының стилі, көркемдік ерекшелігі турасында... Үлкен бір повеске пара-пар "Отамалы" әңгімесі қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған асыл мұра болып қалды.



Қазақстан Жазушылар Одағының және Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Досжанның «Қасірет пен тағдыр» атты кітабына социалистік режим құрбандарына айналған Семей өңірі тұрғындарының қасіреті айтылады. Романның желісінде кітаптың бас кейіпкері Аяулымның басынан өткен қиын тағдыры баяндалады. Радиация кеселінен қырылған халықтың арасында ол жары мен перзентінен, ата-анасынан айрылады. ...

КНИГА

Юрий Серебрянский

О ВКУСНОЙ
И ЗДОРОВОЙ
КАЗАХСТАНСКОЙ
ЛИТЕРАТУРЕ


ДӘМДІ ДЕ ПАЙДАЛЫ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ӘДЕБИЕТ ЖАЙЛЫ

КІТАП

Белгілі қазақстандық жазушы Юрий Серебрянскийдың бұл кітабына Тәуелсіздік кезеңдегі қазақстандық әдебиет туралы эсселер жинағы енген. Кітап орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген.




Дәурен Қуаттың «Бөрісоқпақ» жинағындағы әңгімелерінің тақырып аясы өте кең және айтар ойы астарлы. Шығармалардың көпшілігі туған елі, кіндік қаны тамған жерінің тарихымен байланысты. Қазіргі күннің өзекті де өткір мәселелерін керемет астарлап жеткізеді.



Тұрысбек Сәукетаевтың «Желқайық» романы көп салалы күрделі роман. Азаттық қарсаңындағы қазақ қоғамының әлеуметтік халі, рухани болмысы, психологиялық кең ауқымда барынша шынайы суреттелген. Кейіпкерлердің қым-қиғаш тағдыры арқылы автор өмірдің небір шытырман қалтарыстарына терең барлау жасап, қайшылыққа толы болмысымыздың шынайы бейнесін айшықтауға талпынған.

Драматургия




Белгілі жазушы – драматург Дулат Исабековтың соңғы жылдары жазылған пьесалары енгізіліп отыр. Бұл шығармалардың көпшілігі көрермен қауымға жақсы таныс. Гуманизм адамдар бойындағы ізгі қасиеттер, жеке тұлғалар тағдырына құрылған белгілі туындылар




Белгілі жазушы – драматург Дулат Исабековтың соңғы жылдары жазылған пьесалары енгізіліп отыр.


Бұл шығармалардың көпшілігі көрермен қауымға жақсы таныс. Гуманизм адамдар бойындағы ізгі қасиеттер, жеке тұлғалар тағдырына құрылған белгілі туындылар



Жазушы Мадина Омарованың драмалық шығармалары мен мистикалық әңгімелері ұсынылып отыр. «Кембе нанның дәмінде» сұрапыл соғыс жылдары Қазақстанға қоныс аударылған ұлт пен ұлыстардың күнделікті өмірі мен қазақ халқының



Белгілі жазушы, драматург Иран Ғайыптың «Қорқыттың көрі» пьесасы ширек ғасырда жазылған туындысы.




Драматург, «Қазақстанның мәдениет қайраткері» Сая Қасымбектің «Жанталас» кітабы.

Талантты жазушы, дарынды драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Думан Рамазанның жаңа жинағына «Керей - Жәнібек», «Пешене», «Бейуақ», «Қанатталды», «Кек» атты драматургиялық төл туындылары мен шетел қаламгерлерінен аударған пьесалары топтастырылған. Автор тарихи һәм қазіргі тақырыптарға қатар қалам тербейді. Көркем шығармаларда тарихи тұлғалардың ақыл-парасаты, келешекке көз тастар көрегендігі, тереңнен ойлап, кеңінен байлам жасар кемеңгерлігі, ел бастар көсемдігі, сөз бастар шешендігі мен қол бастар батырлықтары айрықша айшықталса, өзімізге етене таныс бүгінгі күн қаһармандарының тыныс-тірлігі мен іс-әрекеттері ерекше суреткерлік шабытпен кестеленген. Шығармапапалын тіпi шұрайлы ойы



Балалар әдебиеті




Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсаринның өлеңдер жинағы.



Балалар әдебиетінің көрнекті жазушысы Бердібек Соқпақбаев балаларға арнап бірнеше кітап жазды. Соның бірі «Жекпе – жек»кітабы.




Жазушы Марат Қабанбаев бірнеше кітаптың авторы. Солардың бірі «Жиһанкез Тити».



Белгілі балалар жазушысы Толымбек Әбдірайымның балаларға арналған «Алабұға аулаған күн» шығармасы.




Шығармада Бату атты бала мен оның достарының басынан кешкен оқиғалары негізінде, ертегі-аңыз кейіпкерлері мен тарихи деректер тәуелсіздік кезеңінің бүгінгі шындығымен байланыстырыла суреттелген. Шым-шытырық оқиғалар жанрында жазылған хикаят жас жеткіншек оқырмандарды қызықтырып, қиялына қанат бітіретін тартымдылығымен баурайды.



Мәди Айымбетовтың төртінші томына 1980-1985 жылдар аралығында жазылып, жарық көрген балалар мен жасөспірімдер өмірінен жазылған «Бар болғаны он төрт жас», «Нәзік жаңғырық», «Ғашық болу бақыты», «Күнекей», «Көлге шомылған Ай» және тағы басқа хикаяттар топтастырылған. Қаламгер жас кейіпкерлерінің характерлерін өте аңғарымды тұрғыдан аша отырып, олардың адами болмысының қалыптасу ерекшеліктерін өміршең тартымды оқиғалар арқылы көркем әрі шебер өрнектейді. Адам жасының қай кезіне де тән жан-дүниелік толқыныстардың жасөспірім баланың бойына қалайша дарып, қалайша өрбитінін автор иланымды да нақты өрбітеді.

Аударма




Колумбиялық жазушы Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романы ХХ ғасырдың ең оқылымды шығармаларының бірі болды. Осы романы үшін авторға 1982 жылы Нобель сыйлығы берілді. ... Шығармада Макондо қаласында (метафоралық Колумбия) орналасқан Хосе Аркадио Буэндиа атты ақсақал негізін салған Буэндиа әулетінің бірнеше ұрпағының тарихы



Эрих Мария Ремарк. «Аманат өмір» кітабын орыс тілінен аударғандар: Әдетов Б. Бейсенова Ш. Адамдар арасындағы көреалмаушылық мәселесі көркем суреттелген.




Детектив әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі, аты әлемге әйгілі ағылшын жазушысы Агата Кристидың бұл кітабына бір топ әңгімесі енген.



Халед Хоссейнидің «Жарқыраған мың күн» романы соңғы жарты ғасырда әлем назарын өзіне жиі аударған Ауған елінің ашық та тұңғыық өмір шындығын, тыныс-тіршілігін боямасыз бейнелейді. Соғыс өрті толастамаған, қараңғылық пен надандық үстемдік құрған қоғамдағы адам тағдыры мен әйелдер өмірін, махаббаттың мұң-наласын айшықты тілмен анық жеткізеді. Автор соғысты бізге әйелдер және аналар көзімен көрсетеді. Халед Хосейни шығыс мемлекетінің тұрмыс-тіршілігімен, тұрғындарының тағдырымен таныстырады. Адамдарының армандары мен қорқыныштарын, үміттері мен қасіретін баяндайды. Мінездері мен әлеуметтік жағдайлары әртүрлі, қасіреті мен мұңы бір екі әйелдің тағдыры ешкімді бей-жай қалдырмайды. Кітапты қазақшаға аударған – халықаралық, республикалық жыр додаларының жүлдегері, ақын Төлеген Меллат.



Ағылшын жазушысы Жоан Роулиннің "Хэрри Поттер" жинағын аударып жатыр. Серияға кіретін екінші кітап "Хэрри Поттер мен жасырын бөлме" деген атаумен жарық көрді. Еңбекті ағылшын тілінен аударған – Динара Мэзен.



Қолыңыздағы бұл кітап тек махаббат тақырыбына құрылған шығарма емес. Сопылық тариқаттар, көркем жазу, миниатюра, кітап безендіру, сәулет өнерінің мұсылман жұртшылығына тән ерекшеліктері, сондай-ақ тарихи тұлғалардың өмірі жайындағы хикаяттар сөз болады. Автор отырықшы түркілер мен көшпенділердің дүниетанымындағы айырмашылықты сурет өнерін сипаттай отырып, әдемі баяндайды. Роман осындай ерекше стилімен есте қалары анық. Өлілердің, иттің, ағаштың атынан сөйлеу арқылы оқиға желісін шиеленістіріп, оқырманды шығармадағы қылмыскердің кім екендігін табуға жетелейді.

КІТАПХАНАДА ӨТКІЗІЛГЕН МӘДЕНИ-ІС ШАРАЛАР





